

КӨКӨНІСТЕР

2022

2022 жылы Қазақстандағы көкөніс дақылдарын қорғау үшін қолданылатын БАСФ препараттарымен жұмыс істеуге арналған нұсқаулықтар

 **BASF**

We create chemistry



СПИЯЗДЫҢ НЕГІЗГІ АУРУЛАРЫ

ПЕРОНОСПОРОЗ

(*Peronospora destructor*)

- 1 Жапырақтары мен түйіндері зақымдалады
- 2 Жапырақ реңінің хлороздануы
- 3 Сұр-күлгін шаң басудың пайда болуы
- 4 Жапырақтардың солуы
- 5 Қурап қалған тіндерде қара шаң басу (қайталанбалы патогендер) пайда болуы
- 6 Инфекция таралуының жоғары жылдамдығы



Сурет: www.forestryimages.org

АҚ ҰНТАҚ (АҚПӨЛЕК)

(*Leveillula taurica*)

- 1 Хлорозданған дақтар
- 2 Кейіннен дақтарды ақ ұн тәріздес шаң басады
- 3 Спора тұратын аймақтың маңында – хлорозданған тіндер
- 4 Жұқа балауызды шаң басқан сұрыптар көбінесе зақымдалады



Сурет: aces.nmsu.edu
www.apsnet.org

АЛЬТЕРНАРИОЗ

(*Alternaria porri*)

- 1 Ортасы ақ ұсақ сулы дақтар
- 2 Дақтардың шеттері қоңыр түстен қошқыл қызыл түске дейін
- 3 Анық көрінетін шоғырлану сақиналары
- 4 Дақтың айналасында сары жиек
- 5 Түйіннің мойны зақымдалған кезде – сақтау кезінде шіриді




Сурет: www.forestryimages.org

СҰР ТҮСТІ МОЙЫН ШІРІГІ

(*Botrytis spp.*)

- 1 Ашық-жасыл жиегі бар ұсақ ақ дақтар
- 2 Қатты зақымдалу жапырақтардың солуына әкеп соғады
- 3 Мойын шірігі сақтау кезінде байқалады, бірақ зақымдалу өсіп тұрған кезде болады.
- 4 Мойын маңының жұмсаруы
- 5 Сұр түсті жұмсақ шаң басу



Сурет: www.insectimages.org
utahpests.usu.edu
www.omafra.gov.on.ca

ҚЫЗАНАҚТЫҢ НЕГІЗГІ АУРУЛАРЫ

ИТЖИДЕК ТҰҚЫМДАСТАРЫНЫҢ ФИТОФТОРОЗЫ (*Phytophthora infestans*)

- 1 Барлық жер бетіндегі бөліктерін зақымдайды
- 2 Жапырақтарда дұрыс емес пішінді қоңыр дақтар, шеттері ашықтау түсті
- 3 Жапырақтың төменгі жағындағы ақшыл шаң басу – ылғалды жағдайларда болады
- 4 Жемістерде қабық астындағы, жайылған қоңырқай-қоңыр қатты дақтар



Сурет: www.usablight.org

ҚЫЗАНАҚТЫҢ АҚ ҰНТАҒЫ / АҚПӘЛЕГІ (бірнеше қоздырғыштар)

- 1 Дөңгелек пішінді колония түріндегі ақ ұнтақ шаң басу
- 2 Біртіндеп жапырақтардың хлорозы некрозға айналады



Сурет: lux-ferma.com.ua

СҰР ТҮСТІ ШІРІК (*Botrytis cinerea*)

- 1 Күл түсті-сұр шаң басу
- 2 Ерте кезеңдерде жапырақ тіндерінің некрозы орталық өзектің маңында
- 3 Некроздалған тіннің ашық түсі
- 4 Жемістерде ашық түсті сақиналар



Сурет: www.plantmanagementnetwork.org
www.botrytis.be

КЛАДОСПОРИОЗ / ҚОҢЫР ДАҚТАР (*Cladosporium fulvum*)

- 1 Жапырақтардың жоғарғы жағында сары дақтар, кейіннен қызыл-қоңыр түске айналады
- 2 Төменгі жағынан дақтарда ашық сұр түсті, одан кейін қоңырқай-қоңыр барқыт тәріздес шаң басу пайда болады



Сурет: www.semilleriasandiego.com.ar

СЕПТОРИОЗ (*Septoria lycopersici*)

- 1 Ортасы ашық түсті және жиектері күңгірт сулы дақтар
- 2 Жапырақтардың екі жағында да дақтардың ортасында ұсақ қара нүктелер (пикнидтер)



Сурет: stutzmans.com
vegetablemdonline.ppath.cornell.edu

АЛЬТЕРНАРИОЗ (*Alternaria solani*)

- 1 Жапырақтарда жиектері анық құрғақ шоғырланған дақтар
- 2 Жемістерде күңгірт шаң басқан дөңгелек батырылған дақтар
- 3 Ауру пісу және сақталу барысында жемістердің шіруін тудырады
- 4 Ылғал жағдайларда қара немесе қоңыр-қара шаң басу болады
- 5 Жемістерде адам үшін улы токсиндер жиналады



Сурет: wiki.bugwood.org

ҚИЯРДЫҢ НЕГІЗГІ АУРУЛАРЫ

ПЕРОНОСПОРОЗ

(*Pseudoperonospora cubensis*)

- 1 Тарамдармен шектелген сарғыш-жасыл дақтар.
- 2 Кейіннен дақтар үлкейеді және ашық қоңыр түсті болады
- 3 Жапырақтардың төменгі жағында дақтың бойында сұрқай шаң басу болады
- 4 Жапырақтардың солуы болады



Сурет: www.daylab.plp.msu.edu

АҚ ҰНТАҚ/АҚПӘЛЕК (*Erysiphe cichoracearum* u *Sphaerotheca fuliginea*)

- 1 Ақ түсті дөңгелек дақтар
- 2 Дақтар біртіндеп бірігеді және аздап қараяды
- 3 Жапырақтардың пішіні бұзылады және толқынды болады
- 4 Жапырақтардың төменгі жағында қарқынды шаң басу болады



Сурет: plante-doktor.dk

СҰР ТҮСТІ ШІРІК (*Botrytis cinerea*)

- 1 Сұр түсті шаң басқан ылғал қоңыр дақтар
- 2 Көбінесе өсімдіктің жемістері мен сабақтары зақымдалады



Сурет: www.art-pen.ru

АҚ ТҮСТІ ШІРІК (*Sclerotinia sclerotiorum*)

- 1 Өсімдіктің барлық органдары зақымдалады: сабақтары, жапырақтары, жемістері
- 2 Зақымдалған тін жұмсарады, ақ түсті жұмсақ шаң басады



Сурет: miragro.com



Сурет: content.ces.ncsu.edu
www.weedimages.org

АНТРАКНОЗ (*Colletotrichum lagenarium*)

- 1 Көшеттерде түпкі мойын маңында батырылған қоңыр дақтар бар
- 2 Жапырақтарда шеттерінде немесе тарамдардың арасында сары-қоңыр дақтар
- 3 Көбінесе зақымдалған жерлерде жапырақ үзіліп кетеді
- 4 Жемістерде батырылған ашық-қоңыр түсті дақтар бар

КАРТОПТЫҢ НЕГІЗГІ АУРУЛАРЫ

АЛЬТЕРНАРИОЗ

(*Alternaria solani*, *Alternaria alternata*)



Alternaria solani



Alternaria alternata

ALTERNARIA SOLANI. Ауруды жете бағаламауға болмайды

Аурудың пайда болуы:	Маусым - тамыз, әсіресе климаты континенталды аймақтарда
Аурудың дамуына ықпал етеді:	Ылғалдылығы жеткілікті жылы құрғақ ауа райы (> 25 °C), жиі өткінші жауындар немесе мол түнгі шықтар
Белгілері:	Жапырақтарда – шоғырлану сақиналары бар күңгірт-қоңыр дақтар; Түйіндерде – пішіні дұрыс емес батырылған дақтар
Инфекция көздері:	Өсімдік қалдықтарындағы, топырақтағы және түйіндердегі мицелиялар мен конидиялар

Картоптағы ALTERNARIA SPP.

Экономикалық салдар

- 1 Өнімнің азаюы
- 2 Түйіндердің альтернариозбен зақымдалуы
- 3 Түйіндердің көлемі бойынша біркелкі болмауы
- 4 Крахмал мөлшерінің азаюы

Альтернариоз – экономикалық мәні бар ауру !

ИТЖИДЕК ТҰҚЫМДАСТАРЫНЫҢ ФИТОФТОРОЗЫ

(*Phytophthora infestans*)

Фитофторозбен күресудің стратегиясы

- 1 Тезімді сорттарды өсіру
- 2 Фунгицидтерді қолдану

! Фитофтороз қоздырғышына абсолютты тезімді сұрыптар жоқ

Фунгицидтерді бүрку мерзімін қатаң сақтау – сәттілік кепілі !

- 1 Отырғызылған картопты фитофтороздан тиімді қорғауға, егер фунгицидтер аурудың алқапта таралуына дейін қолданылған жағдайда қол жеткізіледі.
- 2 Алғашқы профилактикалық бүрку картоптың биіктігі 15-20 см болғанда жүргізіледі
- 3 Өсімдік жапырақтарының беттерінің 1% зақымдалған кезде бүркудің тиімділігі күрт төмендейді
- 4 10% және одан көбі зақымдалған кезде аурудың дамуын тоқтату мүмкін емес



ГЕРБИЦИДТЕР



Көкөніс дақылдарының және күнбағыстың егістіктеріндегі дара жарнақты және қос жарнақты арамшөптердің көпшілігін жоюға арналған топырақ гербициді

ПРЕПАРАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Әсерлі зат	Пендиметалин (330 г/л)		
Препараттық түрі	Эмульсия концентраты (ЭК)		
Шығын мөлшері	3,0-6,0 л/га	5,0 л/га	2,3-4,5 л/га
Дақыл	Қызанақ	Картоп	Барлық генерациядағы пияз
Зиянды нысан	Бір жылдық астық тұқымдас және қос жарнақты	Бір жылдық астық тұқымдас және қос жарнақты	Бір жылдық астық тұқымдас және қос жарнақты
Қолдану тәсілдері және мерзімдері	Топырақты дақылдар өсіп шыққанға дейін немесе көшеттерді отырғызуға дейін өңдеу	Топырақты дақылдар өсіп шығуға дейін 2-3 күн қалғанда (соңғы түптеуден кейін өңдеу)	Топырақты дақылдар өсіп шығуға дейін өңдеу
Күту мерзімі	- 1		
Орама	Канистр 2 x 10 л		

(тіркелген дақылдардың толық жиынтығын сайттан немесе БАСФ каталогынан көре аласыздар)

ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

Пендиметалинді өсіп келе жатқан арамшөптердің тамырлары және өсінділері сіңіріп алады және ол меристеманың жасушаларының бөлінуін баяулатады.

Гербицид әсеріне ұшыраған арамшөптер өсе бастағаннан кейін немесе желектері пайда болғаннан кейін қурап қалады.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- 1 ҰЗАҚ УАҚЫТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ӘСЕРІ
- 2 ТОПЫРАҚТА СЕНИМДІ ГЕРБИЦИДТІК ЭКРАН ТҮЗЕДІ
- 3 ӨНДЕЛЕТІН ДАҚЫЛ ҮШІН ЖӘНЕ ЕГІС АЙНАЛЫМЫНДАҒЫ КЕЙІНГІ ДАҚЫЛДАР ҮШІН ҚАУІПСІЗ
- 4 КҮН СӘУЛЕСІНІҢ ӘСЕРІНЕН ЫДЫРАП КЕТУГЕ ТӨЗІМДІ
- 5 МЕХАНИКАЛЫҚ ӨНДЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТПЕЙДІ

ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

- Егер топырақ ауыр құмбалшықты болса, гектарына 6 л/га мөлшерінде қолданған жөн. Қолданғаннан кейін бес күн ішінде 10-20 мм жаңбыр жауатын болса, гербицидтің әсері күшейеді.
- СТОМП® қолданылғаннан кейін кемінде 24 сағаттан ішінде жаңбыр жаумауы тиіс.
- Көктемгі құрғақшылық қаупі болған кезде шығынның ең аз нормасын қолдану ұсынылмайды.
- Торф тәріздес топырақта (сіңіруі жоғары болғандықтан) қолдану ұсынылмайды.
- Егіс топырағы майдаланған (кесектерсіз) және тегіс болуы тиіс.
- Гербицидтің әсерлі заты еріп, топырақ бетінде экран түзуі үшін топырақ ылдғалды болуы керек.
- Әсерлі зат тұқымның өсіп шығатын аймағына тимеу керек, яғни тұқым 2-3 см тереңдікке себілуі қажет.



СТРАТОС® УЛЬТРА

Биіктеп кеткен астық тұқымдастарына жататын арамшөптерді жояға арналған, тиімділігі жоғары, кең ауқымды әсер ететін граминцид

ПРЕПАРАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Әсерлі зат	Циклоксидим (100 г/л)			
Препараттық түрі	Эмульсия концентраты (ЭК)			
Шығын мөлшері	1,0-1,5 л/га + ДАШ ББЗ, 1,0-1,5 л/га	1,0-1,5 л/га + ДАШ ББЗ, 1,0-1,5 л/га	2,5 л/га + ДАШ ББЗ, 2,5 л/га	2,5 л/га + ДАШ ББЗ, 2,5 л/га
Дақыл	Картоп	Пияз	Картоп	Пияз
Зиянды нысан	Бір жылдық астық тұқымдас арамшөптер		Көп жылдық астық тұқымдас арамшөптер, оның ішінде бидайық	
Қолдану тәсілдері және мерзімдері	Егістікті өңдеу дақылдың өсу кезеңіне тәуелсіз бір жылдық астық тұқымдас арамшөптерді түптеудің 2-4 жапырақ кезеңінде жүргізіледі.		Өсіп келе жатқан дақылды өңдеу көп жылдық арамшөптердің биіктігі 10 см дейін болған кезде жүргізіледі	
Күту мерзімі	- (1)			
Орама	Канистр 4 x 5 л			

(тіркелген дақылдардың толық жиынтығын сайттан немесе БАСФ каталогынан көре аласыздар)

ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

СТРАТОС® Ультра гербицидинің әсер етуші заты - **циклоксидим** ацетил-КоА-карбоксилаз ферментінің биосинтезін баяулатады, сонымен қайтадан түзілетін жасушалардағы жасуша мембранасын жасау үшін қажетті май қышқылдарының синтезделуіне кедергі болады. Циклоксидим жапырақтармен жұтылады және тамырлы тіндердің бойымен өсімдіктің барлық бөліктеріне таралады; бұл кезде арамшөптердің өсуі өңделгеннен кейін бірнеше күн ішінде тоқтатылады.

ДАШ жабысқышы өсімдіктің кутикулярлы-балауызды қабаты арқылы әсер етуші заттың жақсырақ енуіне ықпал етеді. Осының есебінен СТРАТОС® Ультра гербицидин үнемдірек пайдалануға қол жеткізіледі. ДАШ жабысқышы жапырақ бетінің жақсырақ және біркелкі ылғалдануына ықпал етеді, ыстық ауа райында препараттың булануын азайтады, гербицид ерітіндісінің рН азайтады және жауыншашынды күні препараттың шайылып кетуін азайтады. СТРАТОС® Ультра өңдеуден кейін бір сағат өте жуылып кетуге төзімді болады.

СПЕКТР ДЕЙСТВИЯ

Бір жылдық арамшөптер		Көп жылдық арамшөптер	
Түлкіқұйрық	Ценхрус	Шерстяк	Бидайық
Кәдімгі сіпсебас	Құмтары	Тары	Құмай
Мысыққұйрық	Құмтары түрі	Ротбелла	Соражырық
Сұлы жабайы	Құмтары тегіс	Фабер итойнағы	Үйбидайық
Салалышөп	Жабайы сұлы	Шоқ итойнақ	Көпжылдық шитары
Салалышөп түрі	Кәдімгі сұлы	Сары итойнақ	Қарақұмық
Арпабас	Сұлы	Көк итойнақ	
Арпабас түрі	Элевсина	Қонақот	

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- 1 АРАМШӨПТЕРГЕ ЖӘНЕ АСТЫҚ ТҰҚЫМДАСТАРЫНЫҢ ЖЕРГЕ ТҮСКЕН ҰРЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ КҮШЕЙТІЛГЕН ӘСЕР
- 2 FOR – ТӨЗІМДІ АРАМШӨПТЕРМЕН КҮРЕСЕДІ
- 3 АУЫСПАЛЫ ЕГІСТЕ АРАМШӨПТЕРДІҢ ГЕРБИЦИДТЕРГЕ ТӨЗІМДІЛІГІН БОЛДЫРМАУДА ТАПТЫРМАЙТЫН ПРЕПАРАТ
- 4 ТЕЗ ӘСЕР ЕТУ, ЖОҒАРЫ ТИІМДІЛІК
- 5 ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ ДАҚЫЛДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢІНЕ ТӘУЕЛСІЗ

ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

- Бір жылдық астық тұқымдас арамшөптермен өлсіз және орташа зақымдалған кезде 2-4 жапырақ (арамшөптердің) кезеңінде мөлшерлемесі 1,0 л/га + жұмыс сұйықтығынан ДАШ ББЗ 0,5%: бір жылдық астық тұқымдас арамшөптерге қарсы қолдану дақылдың өсу кезеңіне тәуелсіз.
- Бір жылдық астық тұқымдас арамшөптермен қатты зақымдалған кезде және (арамшөптер) дамуының кейінгі кезеңінде - 1,5 л/га + жұмыс сұйықтығынан ДАШ ББЗ 0,5%
- Көп жылдық астық тұқымдас арамшөптерге қарсы: 2,5 л/га + жұмыс сұйықтығынан ДАШ ББЗ 0,5%. Өсіп келе жатқан дақылды өңдеу көпжылдық арамшөптердің биіктігі 10 см болған кезде жүргізіледі.

Су шығыны (л/га)	ДАШ ББЗ қажетті мөлшері (л /га)
50	0,25
75	0,375
100	0,5
150	0,75
200	1,0

ФРОНТЬЕР® ОПТИМА

Дақылдар егістігіндегі бір жылдық дара және қос жарнақты арамшөптерге қарсы қолданылатын кең ауқымды топырақ гербициді

ПРЕПАРАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Әсерлі зат	Диметенамид-П (720 г/л)
Препараттық түрі	Эмульсия концентраты (ЭК)
Шығын мөлшері	1,2 л/га
Дақыл	Картоп
Зиянды нысан	Бір жылдық астық тұқымдас және қос жарнақты
Қолдану тәсілдері және мерзімдері	Топырақты дақылдар өсіп шығуға дейін өңдеу
Күту мерзімі	- 1
Орама	Канистр 2 x 10 л

ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

Диметенамид-П түрлі биохимиялық әсерлер себебінен ұлпалардың созылуын, бөлінуін және дифференциациясын бұзады. Әсіресе май қышқылдары тізбегі ұзаруын баяулату себебінен молекуланың өсуіне қажетті липидтердің синтезделуі тоқтатайды.

Диметенамид-П өсіп келе жатқан арамшөптердің тамырларымен сіңіріледі сосын арамшөп өледі. Аталған гербицидтің тиімділігі арамшөптердің түрі мен даму фазасына байланысты.

СПЕКТР ДЕЙСТВИЯ

Бөденешөп, түрлері	Арпабас, түрлері	Қонақот біржылдық	Қызылбояу
Арқат, түрлері	Кәдімгі зиягүл	Дала ботакөз	Бақша қараоты
Шырмауық таран	Алабота	Егістік мысыққұйрық	Тауық тарысы
Дала қышасы	Егістік қоянот	Егістік көздері	Түймедақ, түрлері
Аран	Көкнәр	Алқа, түрлері	Итқонақ
Жұлдызшөп	Ақ алабұта	Жұмыршақ	Тауқалақай
Теофраст бұйдакендір	Сүттіген		

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- 1 ТОПЫРАҚ ГЕРБИЦИДТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ЕҢ КЕҢ АУҚЫМДЫ ГЕРБИЦИД
- 2 АРАМШӨПТЕРДІҢ БІРІНШІ ТОЛҚЫНЫН ТОҚТАТАДЫ ЖӘНЕ ЖОЯДЫ
- 3 АУЫСПАЛЫ ЕГІСТЕ КЕЛЕСІ ДАҚЫЛДАРҒА ЕШ ЗИЯНСЫЗ

ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

- Гербицидті шашуды тұқымды себуден бұрын не кейін жүргізу керек.
- Гербицидтің ең жақсы әсері тұқым себуден бұрын қолданда және қолданғаннан кейін топырақты терең емес (2-3 см) етіп өңдегенде болады.
- Қолданғаннан кейін топырақты өңдеу топырақта ылғал аз болған жағдайда керек болады.
- Егіс топырағы майдаланған (кесектерсіз) және тегіс болуы тиіс.
- Гербицидтің әсерлі заты еріп, топырақ бетінде экран түзуі үшін топырақ ылдғалды болуы керек.

Тәжірибе мәліметтері: "Альянс Агро" ШҚ, Черноярка ауылы, Павлодар облысы, 2021 жылы.



Картоп өндірісінен түскен табыс, "Альянс Агро" ШҚ, Черноярка ауылы, Павлодар облысы.

Бағдарлама	Өсімдік қорғау затының бағасы, тг/га	Химиялық өндеуде бағасы, тг/га	Өнімділік, т/га	Пайда, тг/га*	Қосымша пайда, тг/га
Стандарт: ПРОМЕТРИН 1,0 л/га + С-МЕТОЛАХЛОР 2,0 л/га	22 263	2 000	34,8	5 021 737	
БАСФ: ФРОНТЬЕР® Оптима 1,2 л/га	13 200	2 000	35,0	5 059 800	38 063

*Картоптың нарықтық бағасы 145 000 тг/т

АКРОБАТ® МЦ

Картоп фитофторозымен, жүзім милдьюімен және қияр мен пияздың пероноспорозымен күресуге арналған жүйеліжанаспалы фунгицид

ПРЕПАРАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Әсерлі зат	Диметоморф (90 г/кг) + манкоцеб (600 г/кг)	
Препараттық түрі	Суда ыдырайтын түйіршіктер (СЫТ)	
Шығын мөлшері	2,0 кг/га	2,0 кг/га
Дақыл	Картоп	Пияз, қияр
Зиянды нысан	Фитофтороз	Пероноспороз
Қолдану тәсілдері және мерзімдері	Вегетация кезінде өңдеу	
Күту мерзімі	20 (3)	15 (3)
Орама	Мешки 1 x 10 кг	

ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

АКРОБАТ® МЦ құрамдастырылған фунгицидiнiң құрамына екі әсер етуші зат кіреді: **диметоморф** және **манкоцеб**. Олар өсімдіктің бетінде, оның тiндерінде де аурулардың дамуына жол бермейдi және ұзақ уақытқа профилактикалық және емдік әсердi қамтамасыз етедi.

Диметоморф өсімдік тiніне енедi және онда трансламнарлы (жапырақта таралады) және акропетальды түрде таралады, өсімдіктің барлық бөлiктерiн, тiптi өсімдіктің препарат өңделмеген бөлiктерiн де қорғауды қамтамасыз етедi. Яғни диметоморф өсімдіктің бiр жерiне тисе болды, өсімдіктің бойына тез еніп, түгел бойын қорғайды. Диметоморф саңырауқұлақтар (яғни аурулардың) дамуының барлық кезеңінде аурудың жасуша қабырғаларының қалыптасуын баяулатады.

Манкоцеб — саңырауқұлақ спораларының өсуiне жол бермейтiн, профилактикалық қолдануға арналған жанаспалы әсер етуші зат. Манкоцеб саңырауқұлақ ферменттерiнiң бiрнешеуiн бiрден баяулатушы болып табылады, соның салдарынан оған қатысты төзiмдiлiктiң пайда болуы мүмкiн емес.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- 1 ӨСІМДІКТІҢ ЖАПЫРАҚ, САБАҚТАРЫ БЕТІНДЕ ЖӘНЕ ТІНДЕРІНДЕГІ ҚОРҒАНЫС
- 2 ЖАПЫРАҚТАРДЫ, САБАҚТАРДЫ, ТҮЙІНДЕРДІ ТИІМДІ ҚОРҒАУ
- 3 АУРУДЫҢ ДАМУЫНЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕМДІК ӘСЕР
- 4 ТӨЗІМДІЛІККЕ ҚАРСЫ БАҒДАРЛАМАДАҒЫ БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰРАЛ
- 5 СПОРА ТҮЗІЛУІНЕ ҚАРСЫ ӘСЕР
- 6 ҰЗАҚ УАҚЫТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КЕЗЕҢІ

ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

- **Картоп.** АКРОБАТ® МЦ фитофторозбен күресуде жақсы нәтиже көрсететін препарат. Жасырын (лентті) инфекцияны бақылау үшін, жоғары қорғаныс әсеріне қол жеткізу үшін, профилактикалық өңдеуді картоптың ерте кезеңдерінде (жүйектердегі сабақтардың жанасу кезеңіне дейін) немесе ауру пайда бола бастағанда жүргізу қажет. Кейінгі өңдеулерді өсімдіктердің белсенді өсу кезеңінде 10-14 күн аралықпен жүргізеді.
- **Пияз, қияр.** Өсімдіктердің белсенді өсу кезеңінде 10-14 күн аралықпен алдын ала өңдеу жасаған дұрыс.

БАСҚА ПРЕПАРАТТАРМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

КАБРИО® Топ, СТРОБИ®, БЕЛЛИС® фунгицидтерімен, ФАСТАК® инсектицидімен үйлесімді.

Тәжірибе мәліметтері:
"Рамазанов" ШҚ, Евгеньевка ауылы,
Павлодар облысы, 2021 жылы.



БЕЛЛИС®

Жеміс және көкөніс дақылдарын
қорғаудағы жаңашылдық



 **BASF**
We create chemistry

 **AgCelence®**
Ожидай большего

Agcelence® брендінің көкөніс және жеміс дақылдарын жүйелі қорғауға арналған инновациялық қос компонентті фунгициді. Өнімді сақтау кезінде кездесетін негізгі аурулардан қорғайтын фунгицид.

ПРЕПАРАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Әсерлі зат	Боскалид (252 г/кг) + пираклостробин (128 г/кг)				
Препараттық түрі	Суда ыдырайтын түйіршіктер (СЫТ)				
Шығын мөлшері	0,8 кг/га			0,2 - 0,35 кг/га	
Дақыл	Ашық топырақтағы қызанақ	Ашық топырақтағы қияр	Жылыжайдағы қияр	Пияз	Картоп
Зиянды нысан	Фитофтороз	Пероноспороз	Ақ ұнтақ (ақпәлек), пероноспороз	Пероноспороз	Альтернариоз, өнімнің жоғарылауы
Қолдану тәсілдері және мерзімдері	Вегетация кезіндегі бүрку				Егісті аурудың бірінші белгілері байқала бастағанда өңдеу қажет
Күту мерзімі	10 (3)				
Орама	Пластикалық канистр 10 x 1 кг				

ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

БЕЛЛИС® фунгицидінің әсер етуші заттары әртүрлі химиялық топтарға жатады және патогенге әсер етудің түрлі механизмдеріне ие. **Боскалид** карбоксамидтердің химиялық тобына жатады және қоздырғыштардың көпшілігіне әсер етудің жаңа, бірегей механизміне ие. Өңдеу кезінде әсер етуші заттың бір бөлігі өсімдіктің бойында қалады, екінші бөлігі – ішіне енеді, трансламинарлы және жапырақтың тарамдалу жүйесінің бойымен акропетальды түрде таралады. Боскалидтің әсер ету механизмі – электрондарды тасымалдаудың митохондриялық тізбегіндегі сукцинат-дегидрогеназаны баяулатады. Боскалид II кешендегі жасушалардың тыныс алуының негізгі кезеңін бұғаттайды, соның нәтижесінде патогендердің энергиямен қамтамасыз етілуі тоқтайды. Боскалид споралардың және өсімді түтікшелерінің өсуін баяулатады, апресорийлердің түзілуін тоқтатады. Кейбір саңырауқұлақтарда мицелиялар мен споралардың дамуына әсер етеді.

Пираклостробин стробилуриндер тобының жаңа буынына жатады. Пираклостробин жемістер мен жапырақтардың балауызды қабатымен жұтылып, өсімдіктердің бетімен өзара әрекеттеседі, бұл кезде өсімдіктің қабығында әсер етуші заттың берік байланысқан қоры қалыптасады, соның арқасында препараттың жауын-шашынмен шайылуына төзімді етіледі. Бұдан басқа, пираклостробин өсімдік тіндеріне бойлай енеді және трансламинарлы белсенділікке ие, бұл оның тиімділігін арттырады. Пираклостробиннің әсер ету механизмі саңырауқұлақтың III тыныс алу кешеніндегі митохондриялық тыныс алуды баяулатуға негізделген.

Пираклостробин саңырауқұлақ жасушаларын энергиямен қамтамасыз етілуін, және осы функцияға байланысты тіршілік процестерін тоқтатады. Споралардың өсуі, өсімдік түтікшелерінің өсуі баяулайды, апресорийлердің түзілуі бұғатталады.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР


- 1 ЖАҚСЫ ӘСЕР ЕТЕТІН ЕКІ ЗАТ
- 2 ЖОҒАРЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІК
- 3 ЖАУЫН-ШАШЫН ШАЙЫП КЕТУІНЕ ТӨЗІМДІГІ ЖОҒАРЫ (40 ММ-ГЕ ДЕЙІН)
- 4 ӘСЕРІНІҢ КЕҢ АУҚЫМДЫЛЫҒЫ
- 5 КҮТУ МЕРЗІМІ АЗ
- 6 АЙҚЫН КӨРІНЕТІН AgCelence® ӘСЕРІ
 - өнімділік пен сапаның артуы
 - тауарлық өнімнің артуы
 - сақтау кезінде сақталғыштығының артуы

ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

- Профилактикалық қолдану кезінде фунгицид жоғары тиімділікті көрсетеді. Сондықтан дақылды толық қорғау үшін ауру пайда болмай тұрып, инфекцияның алғашқы белгілері пайда болғанға дейін БЕЛЛИС® препаратты қолдану керек.

Тәжірибелік деректер

Найдоровское ЖШС, Осакаров ауданы, Қарағанды обл., 2019 ж.
БЕЛЛИС®, 38% В.Д.Г. (0,3 л/га) фунгицидінің альтернативті қарсы биологиялық тиімділігі



Ауруларға қарсы фунгицидпен екі мәрте өндеудің картоп шығымдылығына әсері

Нұсқа	Түйнектердің өнімділігі, т/га	Бақылаудан ауытқу (өндеусіз)	
		т/га	%
Беллис, 38% в.д.г.	31,9	4,9	18,1
Бақылау (өндеусіз)	27,0	–	–

КАБРИО® ТОП

Сізді ең жақсы өніммен қамтамасыз етеді!



□ - BASF
We create chemistry

AgCelence®
Ожидай большего

Жүзімді және көкөніс дақылдарын негізгі аурулардан қорғауға арналған кең ауқымды әсер ететін фунгицид

ПРЕПАРАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Әсерлі зат	Пиракlostробин (50 г/кг) + метирам (550 г/кг)			
Препараттық түрі	Суда ыдырайтын түйіршіктер (СЫТ)			
Шығын мөлшері	1,5-2,0 кг/га			
Дақыл	Ашық топырақтағы қызанақ	Ашық топырақтағы қияр	Жылыжайдағы қияр	Пияз
Зиянды нысан	Фитофтороз	Пероноспороз	Ақ ұнтақ (ақпәлек), пероноспороз	Пероноспороз
Қолдану тәсілдері және мерзімдері	Вегетация кезінде өңдеу			
Күту мерзімі	10 (3)			
Орама	Пластикалық канистр 10 x 1 кг			

ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

КАБРИО® Топ — жаңа қос компонентті фунгицид, оның құрамына әсер етуші заттар пиракlostробин және метирам кіреді.

Пиракlostробин стробилуриндер тобының жаңа буынына жатады. Пиракlostробин жемістер мен жапырақтардың балауызды қабатымен жұтылып, өсімдіктердің бетімен өзара әрекеттеседі, бұл кезде өсімдіктің қабығында әсер етуші заттың берік байланысқан қоры қалыптасады, соның арқасында препараттың жауын-шашынмен шайылуына төзімді етіледі. Бұдан басқа, пиракlostробин өсімдік тіндеріне бойлай енеді және трансламинарлы белсенділікке ие, бұл оның тиімділігін арттырады. Пиракlostробиннің әсер ету механизмі саңырауқұлақтың III тыныс алу кешеніндегі митохондриялық тыныс алуды баяулатуға негізделген.

Пиракlostробин саңырауқұлақ жасушаларын энергиямен қамтамасыз етілуін, және осы функцияға байланысты тіршілік процестерін тоқтатады. Саңырауқұлақ спораларының өсуі, өсімді түтікшелерінің өсуі баяулайды, апрессорийлердің түзілуі бұғатталады.

Метирам (препараттың контактілі компоненті) саңырауқұлақ спораларының өсуіне жол бермей, фунгицидтің қорғаныстық функциясын қосымша күшейтеді. Әсер етуші зат метирам саңырауқұлақ ферменттерінің бірнешеуін бірден баяулатушы болып табылады, соның салдарынан метирамға қатысты төзімділіктің пайда болуы іс жүзінде мүмкін емес. Әсер етуші заттардың жоғары тиімділіктегі құрамасы мицелидің жапыраққа енуіне, өсуіне және патоген спораларының түзілуіне жол бермейді.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- 1 НАҒЫЗ ЖӘНЕ ЖАЛҒАН АҚ ҰНТАҚ (АҚПӘЛЕК)ТАРҒА ҚАРСЫ БІРУАҚЫТТАҒЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӨСЕР ЕТЕДІ ҚОРҒАНЫС ӨСЕРІНІҢ ҰЗАҚ УАҚЫТЫ
- 2 ӨНДЕУ АРАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ
- 3 ТІПТІ ЖОҒАРЫ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ КЕЗІНДЕ ДЕ ТИІМДІ
- 4 ӨСІМДІКТЕРДІҢ СТРЕСТИК ФАКТОРЛАРҒА ТӨЗІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ
- 5 АУРУЛАР БҰЛ ПРЕПАРАТҚА ЕШҚАШАН ТӨЗІМДІ БОЛА АЛМАЙДЫ

ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

- Ең жоғары тиімділікті фунгицид профилактикалық қолдану кезінде көрсетеді. Сондықтан оңтайлы қорғаныс үшін КАБРИО® Топ препаратын ауру таралуының ықтималдығы жоғары кезеңінде, инфекцияның алғашқы белгілері пайда болғанға дейін пайдалану ұсынылады.
- Препаратты 8-14 күн аралығымен қолдануға болады. Бір маусым ішінде үш ретке дейін өңдеу жүргізуге болады.

БАСҚА ПРЕПАРАТТАРМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

- КАБРИО® Топ бак қоспасында АКРОБАТ® МЦ фунгицидімен, ФАСТАК® инсектицидімен үйлесімді.
- Басқа пестицидтермен бак қоспасын дайындау кезінде, араластырылатын препараттарды үйлесімділікке тексеру қажет.

Тәжірибе мәліметтері

БАСФ тәжірибе танабы



Контроль



МАСАЛИЕВ Нариман

Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша
БАСФ компаниясының техникалық қолдау маманы

«2018 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданында орналасқан «Бай-Нұр» шаруа қожалығының пияз егістігінде гербицид және фунгицидтер қолдану демо-тәжірибе жүргіздік. Пияз арасындағы астық тұқымдас арамшөптерге қарсы СТРАТОС® Ультра гербицидін қолдандық. СТРАТОС® Ультра аталған арамшөптерді толығымен жойды. Пияздың пероноспороз ауруына қарсы АКРОБАТ® МЦ фунгицидін, ақ ұнтақ ауруына қарсы КАБРИО® Топ фунгицидін және түрлі шірік ауруларға қарсы БЕЛЛИС® фунгицидін қолдандық. Биыл ауа-райы пияз ауруларының жақсы дамуына ыңғайлы болғанымен аталған фунгицидтер ауруларды дамытпай, жойып отырды. Ауруларға қарсы өте тиімді екенін тағы да дәлелдеді».

ИНСЕКТИЦИДТЕР

ГАЛЬВЕРДЕ®

Көкөніс дақылдарын колорад қоңызы мен зиянкес жәндіктерден сенімді қорғауға арналған

ПРЕПАРАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Әсерлі зат	Метафлумизон		
Препараттық түрі	Суспензиялық концентрат (КС)		
Шығын мөлшері	0,2-0,25 л/га	0,75-1,0 л/га	0,75-1,0 л/га
Дақыл	Картоп	Қызанақ, ашық топырақта	Капуста
Зиянды нысан	Колорад қоңызы	Құрттар	Ақкөбелек, құрттар, бүргелер, күйелер
Қолдану тәсілдері және мерзімдері	Вегетация кезеңінде қодану		
Күту мерзімі	20 (3)		
Орама	Канистр 10 x 1 л		

ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

Метафлумизон тікелей негізгі энзимге әсер етеді және зиянкестің жүйке жүйесінің натрийлі өзегінен импульстардың өтуін бұғаттайды. Бұл зиянкестің жүйке жүйесінің аса қозуына әкеледі. Соның салдары зиянкестің мүгедектігіне және өлуіне себеп болады. Сонымен қоса қосымша әсерге ие, дақылдың жапырақтарымен қоректенуін толық тоқтатады (Анти-қоректену әсері – *Anti-Feeding Effekt*).

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- 1** КАРТОП ДАҚЫЛЫ ӨНІМДІЛІГІНІҢ МҮМКІНДІГІН АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖОҒАРЫЛАТАДЫ
- 2** КАРБАМАТТАРҒА, НЕОНИКОТИНОИДТАРҒА, ОРГАНОФОСФАТТАРҒА ЖӘНЕ ПИРЕТРОИДТАРҒА АЙҚАС ТӨЗІМДІЛІГІ ЖОҚ
- 3** КОЛОРАД ҚОҢЫЗЫНА, ОНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕ ТИІМДІ ӘСЕР ЕТЕДІ (ТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕГІ ДЕРНӘСІЛДЕР, ИМАГО)

АЛЬВЕРДЕ®

4 САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ТӨМЕНГІ ЖӘНЕ 25°C ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРАДА ТИІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

5 ЖАҢБЫРМЕН ШАЙЫЛМАЙДЫ(ҚОЛДАНҒАННАН KEЙІН 1 САҒАТТАН СОҢ БАСТАП)

6 ҚОРҒАНЫС ӘСЕРІНІҢ ҰЗАҚТЫҒЫ (2-4 АПТА)

ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

Колорад қоңызының(төзімділіктің белсенділігі байқалғанда) төзімділігінің пайда болуының алдын алу мақсатында Альвердені өзге топтағы инсектицидтермен кезектесіп қолданған жөн. Колорад қоңызының өңірлерде пиретроидтарға, неоникотиноидтарға және т.б. әсерлі заттарға төзімді популяциясы байқалып, бір жылда екі ұрпақ пайда болса, онда АЛЬВЕРДЕ® инсектицидімен бір рет өңдеу жасау ұсынылады.

- Альвердені зиянкестің ЗЭШ жоғарылағанда қолдану керек, бірақ өскіндер толық пайда болмай жатып (бойы 5-10 см) және өнімді жинауға 20 күннен аз уақыт қалғанда қолдануға болмайды.
- Егер колорад қоңызына қарсы өңдеу картоп ауруларына(фитофтороз, альтернариоз) қарсы өңдеумен сәйкес келіп қалса, АЛЬВЕРДЕ® инсектицидін АКРОБАТ® МЦ, БЕЛЛИС® фунгицидтерімен бірге қолдануға болады.



Тәжірибелік деректер

«Найдоровское» ЖШС, Осакаров ауданы, Қарағанды обл., 2019 ж.
АЛЬВЕРДЕ® К.С. (0,25 л/га) инсектицидінің колорад қоңыздарына қарсы биологиялық тиімділігі



Инсектицидтермен өңдеуге байланысты картоптың шығымдылығы

Нұсқа	Түйнектердің өнімділігі, т/га	Бақылаудан ауытқу (өңдеусіз)	
		т/га	%
Альверде К.С., 0,25 л/га	35,75	4,1	+12,9
Шығындалудың ұсынылған мөлшеріндегі Пиретроид	35,25	3,6	+11,4
Бақылау (өңдеусіз)	31,65	–	–

Зиянкескердің көпшілігімен күресуге арналған контактілі-ішек инсектициді

ПРЕПАРАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Әсерлі зат	Альфа-циперметрин (100 г/л)
Препараттық түрі	Эмульсия концентраты (ЭК)
Шығын мөлшері	0,07-0,1 л/га
Дақыл	Картоп
Зиянды нысан	Колорад қоңызы
Қолдану тәсілдері және мерзімдері	Вегетация кезеңінде қолдану
Күту мерзімі	20 (2)
Орама	Канистр 4 x 5 л

ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

Альфа-циперметрин зиянкестер өсімдіктердің өңделген бөліктерімен қоректенген кезде зиянкестердің қырылып қалуын қамтамасыз етеді; өңдеу кезінде жәндіктің жабындарына препараттың жұғуы есебінен – жанаспалық белсенділікті көрсетіп, зиянкестерге жан-жақты әсер етеді; репеленттік әсері мынада, жәндіктер ФАСТАК® препаратымен өңделген өсімдік терді қорек етуден қашады.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- 1 ЗИЯНКЕСТЕРДІҢ ЖЫЛДАМ ҚЫРЫЛУЫ
- 2 ӨСІМДІКТЕРДІ ЗИЯНКЕС ЖӘНДІКТЕРДІҢ КЕҢ АУҚЫМЫНАН ТИІМДІ ҚОРҒАУ
- 3 ЖАУЫН-ШАШЫНҒА ЖАҚСЫ ТӨЗІМДІЛІКТІҢ АРҚАСЫНДА ЖАУЫН-ШАШЫН ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ
- 4 ЗИЯНКЕСТЕРГЕ РЕПЕЛЕНТТІ ӘСЕР ЕТУ
- 5 ФИТОУЫТТЫЛЫҚТЫҢ БОЛМАУЫ

ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР


- Жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін егісте зиянкестер көрініс бере бастағанда ФАСТАК® препаратымен бірге қолданса болады.

БАК ҚОСПАСЫ


ФАСТАК® бак қоспасында РЕКС® Дуо, АБАКУС® Ультра, ДИАНАТ®, Це Це Це® 750 препараттарымен үйлесімді.




ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН КАРТОПТЫ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ



ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ҚЫЗАНАҚТЫ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ




технологиясымен ПИЯЗДЫ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ



1 Сақтау кезінде.

Дақылдың даму фазасы еуропалық классификацияға сәйкес ВВСН

технологиясымен ҚИЯРДЫ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ



Дақылдың даму фазасы еуропалық классификацияға сәйкес ВВСН

БАСФ КӨШПЕЛІ ЛАБОРАТОРИЯСЫ



1 МӘСЕЛЕНІ ЖЕКЕ ҚАРАУ

2 САПАЛЫ ТАЛДАУ

3 КЕШЕНДІ ШЕШІМ



БҰЛ НЕ?

БАСФ ұжымы арнайы шақыртылған сарапшы маманмен бірге сіздің дақылыңызды қорғайтын кешенші шешімдерді ұсыну мақсатында Қазақстанның Оңтүстік аймақтарын аралайды.




БҰЛ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Алдын ала белгіленген орынға уақытында келіп, **әлемдік деңгейдегі маманмен** сұхбат құру арқылы өзіңізге керекті дақылдың проблемалары жөнінде кеңестер ала аласыз. Ауру жайлы егжей-тегжейлі талдау жасау үшін өзіңізбен бірге зақымдалған дақылды алып келуіңіз қажет, дәл сол жерде ауру және зиянкестермен күресуге арналған кеңестер мен шешімдер ала аласыз.



АЙМАҚТЫҚ ӨКІЛДЕР



Даулет Баяхметов
+ 7 701 993 45 46

Руслан Жаров
+ 7 701 081 82 57

Юрий Похорюков
+7 701 081 96 41

Максим Коробков
+ 7 705 452 18 95

Евгений Мохов
+ 7 701 059 52 08

Азамат Танашев
+ 7 701 718 67 11

Ержан Берденов
+ 7 701 059 52 07



Александр Овсяк
+7 701 503 77 40
Аумақтық менеджер
Ақмола облысы
Қарағанды облысы



Едрес Аблемов
+ 7 701 059 52 03
Аумақтық менеджер
Солтүстік Қазақстан облысы



Нариман Масалиев
+7 701 764 80 10
Техникалық қолдау менеджері
Жамбыл облысы
Түркістан облысы
Алматы облысы
Қызылорда облысы
Шығыс Қазақстан облысы
Павлодар облысы



Серик Бектембаев
+7 701 035 76 19
Аумақтық менеджер
Түркістан облысы
Шығыс Қазақстан облысы
Алматы облысы
Жамбыл облысы
Қызылорда облысы
Павлодар облысы



Талгат Мальгаев
+ 7 701 763 38 35
Аумақтық менеджер
Қостанай облысы



Иван Шугуров
+7 701 721 23 55
Техникалық қолдау менеджері
Солтүстік Қазақстан облысы
Ақмола облысы
Қостанай облысы
Қарағанды облысы

“БАСФ Центральная Азия” ЖШС,
Алматы қ, Қонаев көшесі 77, 7 қабат
тел.: + 7 (727) 323 23 33

Республиканский Центр Токсикологии
тел.: + 7 (727) 292 41 18,
+ 7 (727) 292 41 78,
+ 7 (727) 279 89 98

Пайдалану жөніндегі жалпы нұсқаулықтар / Өндірушінің жауапкершілігі:

Осы нұсқаулықтар біздің, бүгінгі күнгі тәжірибемізге негізделген және тіркеу мекемелері бекіткен регламенттерге сәйкес келеді. Олар қолданушыны біздің, препараттың, пайдаланылуын және айналымын шарттайтын факторлардың, кеп мөлшерін меншік бағалаудан және есепке алудан босатпайды. Өндіруші сақтауға және қолдануға есеп ете алмайтындықтан және осыған байланысты барлық жағдайларды қарастыра алмайтындықтан, сәйкесінше ол дұрыс емес сақтаудың, және қолданудың, салдары үшін жауапкершілікті мойнына алмайды. Препараттардың, дұрыс емес сақталуы үшін, технологиялар мен регламент талаптарының, қатан, сақталуы үшін жауапкершілік ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге, оның ішінде ұжымдық, фермерлік шаруашылықтарға және пестицидтерді қолданатын басқа да ұйымдарға жүктеледі. Препараттарды өзге өндірістік салаларда немесе басқа регламенттер бойынша пайдалануды, өн, алды-мен біздің, ұсыныстарда көрсетілмеген дақылдарда пайдалануды біз зерттеген жоқпыз. Әсіресе бұл тіркеуші органдар рұқсат еткен не-месе тіркеген, бірақ біз ұсынбаған қолдануға қатысты. Біз өз тарапымыздан препаратты осындай қолданудың, ықтимал салдары үшін қандай-да бір жауапкершіліктен бас тартамыз. Жергілікті және аймақтық; ерекшеліктерге себептелген ертүрлі факторлар, препараттың, тиімділігіне есер етуі мүмкін. Ең, алдымен - бұл ауа райының, және топырақ-климаттық; жағдайлар, сұрыптың ерекшелік, егіс айналымы, өн,деу мерзімі, шығын нормалары, басқа препараттармен және тын,айтқыштармен (біздің, ұсыныстарда көрсетілмеген) бақ қоспалары, тезімді организмдердің, (патогендер, өсімдіктер (арамшөптер), жәндіктер және басқа; амак; саттық; организмдер) болуы, қолдануға арналған сәйкес емес және/немесе реттелмеген техника және басқалары. қолданушы ескермеген ерекше қолайсыз жағдайларда, препарат тиімділігін, өзгеруін немесе тіпті дақылдық; өсімдіктердің, зақымдалуын жоққа шығаруға болмайды, олардың, салдары үшін біз және біздің, сауда серіктестеріміз жауапкершілікті ала алмаймыз. Өсімдіктің, қорғаныс қуралдарын қолданушы пестицидтерді қолдану, сақ-тау және тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік техникасы үшін, және де пестицидтерді қауіпсіз пайдалануға қатысты қолданыстағы заң,нама-ның, орындалуы үшін тікелей жауапкершілікте болады.